

2015 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерін және субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 08 мамырдағы № 134 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 мамырда № 3214 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27–бабы 1–тармағының 5) тармақшасына, 37–бабына, "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 қаулысымен бекітілген Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидасының 7–тармағына сәйкес Атырау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2015 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері мен субсидиялардың нормалары:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес отандық тыңайтқыш өндірушілер өткізген тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына);

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес тыңайтқыштар берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) белгіленсін.

"Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары Ғ.И. Дүйсембаевқа жүктелсін.

Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Измұхамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

2015 жылғы "8" мамыр

2015 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және отандық өндірушілер өткізген тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) субсидиялардың нормалары

№ р/с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірлік құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке субсидиялардың нормалары, теңге
1	Аммиак селитрасы (N- 34,4 %)	тонна	50	28 900
2	Аммофос (N- 10 %; P ₂ O ₅ – 46 %)	тонна	50	45 000
3	Кальций нитраты YaraLiva Calcinit	тонна	50	89 000

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 134 қаулысына 2-қосымша

2015 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері, тыңайтқыштар берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) субсидиялардың нормалары

№ р/с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірлік құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке субсидиялардың нормалары, теңге
1	Аммиак селитрасы (N- 34,4 %)	тонна	30	20 700
2	Krista МКР (монокалий фосфат)	тонна	30	159 000
3	Krista МАG (магний нитраты)	тонна	30	69 300
4	Krista К Plus (калий нитраты)	тонна	30	102 600
5	Krista MgS (магний сульфаты)	тонна	30	53 700
6	Калий сульфаты (Krista SOP)	тонна	30	80 400